



"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 тамыз N 1058

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының
дипломатиялық қызметі туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметтің құқықтық негіздерін, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1 т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1 - б а п . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі - Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі органдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби қызметі.

2. Қазақстан Республикасының консулдық қызметі - халықаралық құқық жол беретін шектерде мемлекеттің, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен

азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қарым-қатынастарын дамытуға, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық-мәдени байланыстарды кеңейтуге және туризмді дамытуға ықпал ететін дипломатиялық қызметтің бөлігі.

3. Дипломатиялық қызмет органдарында штаттық дипломатиялық лауазымдар берілген мемлекеттік қызметкерлер дипломатиялық жұмыстың қызметкерлері болып табылады.

4. Дипломатиялық қызмет органдарында штаттық әкімшілік-техникалық лауазымдар берілген мемлекеттік қызметкерлер дипломатиялық қызметтің қызметшілеріне жатады.

5. Дипломатиялық жұмыстың қызметкерлері мен қызметшілері дипломатиялық қызметтің персоналын құрайды.

6. Ротация Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен (бұдан әрі - Сыртқы істер министрлігі) шетелдік мекемелерге және шетелдік мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің арасында дипломатиялық қызмет персоналының қызмет ауыстыруын білдіреді.

7. Шетелдік мекемелер - Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктері.

2-бап. Дипломатиялық қызметті атқарудың құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, сондай-ақ "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Z990453_ Заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметін атқарудың құқықтық негізін құрайды.

3-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының мәртебесі

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің органдары (бұдан әрі - дипломатиялық қызмет органдары) болып табылады.

Дипломатиялық қызмет органдарының Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін рәміздері болады.

4-бап. Осы Заңның қолданысы

Дипломаттық дәрежелерді беруге, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге және дипломатиялық жұмыс стажын есептеуге қатысты бөлігінде осы Заңның күші халықаралық ұйымдарда жұмыс істеуге іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасының, басқа да елдердің жоғары оқу орындарына, аспирантурасына, докторантурасына және ғылыми мекемелеріне Сыртқы істер министрлігі уақытша жіберген дипломатиялық жұмыстың қызметкерлеріне де қолданылады.

5-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесі

Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі, оның ведомстволары, шетелдік мекемелері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар, Сыртқы істер министрлігінің қарауына жататын оқу орындары құрайды.

Дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі б а с қ а р а д ы .

6-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының міндеттері

Дипломатиялық қызмет органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президенті үшін әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатының іске асуына және халықаралық беделінің нығаяуына ықпал ету;

4) Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарындағы және халықаралық сахнадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және қорғау әдістерімен қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының күш-жігерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру;

7) шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық бірыңғай бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа орталық атқарушы органдардың халықаралық қызметін үйлестіру;

8) дүние жүзіндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шетелдік мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау, жасау және орталық мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

7-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функциялары

Дипломатиялық қызмет органдарына мыналар жүктеледі:

1) шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

2) Қазақстан Республикасы халықаралық саясатының стратегиясын іске асыру;

3) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделін нығайту;

4) келіссөздер жүргізуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасауды ұйымдастыру;

5) халықаралық шарттарды жасасу, орындау, қолданысын тоқтата тұру және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындау және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына белгіленген тәртіпте енгізу;

6) Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне белгіленген тәртіпте ұсыныстар мен ұсыныстарды тапсыру;

7) Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың қызметіне Қазақстан Республикасының қатысуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешудегі рөлін көтеруге жәрдемдесу;

8) Қазақстан Республикасының су ресурстары мен қоршаған ортаны халықаралық қорғау және ұтымды пайдалану, Әлемдік мұхит ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу салаларындағы мүдделерін қамтамасыз етуге ат салысу;

9) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін сақтауды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық және қаржы байланыстарын, Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ғылыми-техникалық, мәдени және өзге де алмасуларын дамыту мен кеңейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

- 10) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы байқауды және бақылауды жүзеге асыру;
- 11) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын жетілдіру, оны Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 12) Қазақстан Республикасының мемлекетішілік және халықаралық іс-шараларын протоколдық-ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету;
- 13) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетішілік және халықаралық іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Мемлекеттік протоколды сақтауына бақылау жасауды жүзеге асыру;
- 14) дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру;
- 15) Қазақстан Республикасының басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- 16) Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде халықаралық құқықтық нормалармен және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін консулдық функцияларды жүзеге асыру;
- 17) шет елдерде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;
- 18) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттің жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 19) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, сондай-ақ консулдық мекемелердің жұмыс істеуіне жәрдемдесу, өз құзыретінің шегінде оларға қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысына бақылау жасауды жүзеге асыру;
- 20) Қазақстан Республикасының шетелдердегі азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 21) өз құзыреті шегінде, аштыққа және артта қалушылыққа, халықаралық терроршылдыққа, діни және саяси экстремизмге, ұйымдастырылған қылмысқа және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттар мен прекурсорлардың және қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күрес, сондай-ақ экологиялық тұрғыдан қолайсыз және техногендік апат аймақтарындағы зардаптарды жою жөніндегі халықаралық акцияларға қатысу;
- 22) шет елдерде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпарат таратуға жәрдемдесу;
- 23) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын жүзеге асыру;
- 24) өз құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетін

тиімді пайдалануға жәрдемдесу және энергетика мен мұнай-газ салаларында Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықпен ынтымақтастығы жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және жүргізуге қатысу;

25) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органдарымен және өзге де ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасау;

26) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын Қазақстан Республикасының халықаралық жағдайы мен сыртқы саясаты туралы хабардар ету;

27) инвестициялық ахуалдың жақсаруына ықпал ету және халықаралық рыноктарда Қазақстан Республикасының оң шырайлы сипатын қалыптастыру;

28) мемлекеттік бағдарламаларды, басымдықты жобаларды іске асыру үшін тікелей қаржы ресурстарын, оның ішінде халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдар тарапынан берілетін займдар мен гранттарды тартуға ат салысу арқылы;

29) Қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің дүниежүзілік рынокқа кірігуіне ықпал ету;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

8-бап. Байланыс, мұрағат, қауіпсіздік және баспа органдары

1. Дипломатиялық қызмет органдарының дербес байланысы мен мұрағаты болады.

2. Дипломатиялық қызмет органдары өздерінің жеке телекоммуникациялар желісі мен курьерлік қызметті пайдаланады.

3. Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында халықаралық шарттардың түпнұсқалары және/немесе ең анық көшірмелері, сондай-ақ оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да материалдар сақталады.

4. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының аумағында

және шетелдерде өзінің органдары мен мекемелерінің қауіпсіздігі жүйесін ұйымдастырады.

5. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес баспа өнімін шығаруға құқылы.

2 тарау. Дипломатиялық қызмет кадрлары, дипломатиялық

қызметтерге тағайындау

9-бап. Дипломатиялық қызмет кадрларының құрамы

1. Дипломатиялық қызмет кадрларына мыналар жатады:

- 1) дипломатиялық жұмыс қызметкерлері;
- 2) дипломатиялық жұмыс қызметшілері.

2. Дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметтердің тізбесін

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

10-бап. Дипломатиялық қызметтерге тағайындау

1. Дипломатиялық лауазымға жоғары білімі бар, шет тілін меңгерген және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген әрі денсаулығы ойдағыдай Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, ведомстволардың басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

Басқа қызметтерге тағайындау және дипломатиялық қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі жүргізеді.

3. Дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа тұру азаматтар міндетті арнайы тексеруден алдын ала өткен жағдайда жүзеге асырылады.

4. Шетелдегі жұмыстан кейін Қазақстан Республикасына оралған дипломатиялық жұмыстың қызметкері, осы Заңның 24-бабында көзделген жазаларға тартылмаған жағдайда, бұрын Сыртқы істер министрлігінде айналысқанынан кем түспейтін қызметке тағайындалады.

5. Дипломатиялық қызмет органдарына тұңғыш рет жұмысқа тұрған адамдар

үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

Сынақ мерзімінен өтудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Бұрын сотталған және ақтала алмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ ұнамсыз себептермен мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа қабылданбайды.

11-бап. Дипломатиялық қызмет органдарындағы жұмыс уақыты

Дипломатиялық қызмет персоналы үшін жұмыс мерзімінің ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3-тарау. Дипломатиялық дәрежелер

12-бап. Дипломатиялық дәрежелер

Айналысатын қызметін және біліктілігін ескере отырып, дипломатиялық жұмыстың қызметкерлеріне мынадай дипломаттық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;
- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;
- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші;
- 11) Төтенше және Өкілетті Елші.

13-бап. Дипломатиялық дәрежелердің берілу тәртібі

1. Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежелерін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Басқа дипломатиялық дәрежелерді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі береді.

Сыртқы істер министрі арқылы дипломаттық дәрежелердің берілу тәртібі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітетін ережемен белгіленеді.

2. Қызметкердің дипломаттық дәрежесі, әдетте, дипломатиялық жұмыстағы өзі айналысатын қызметке сәйкес болуы тиіс немесе бір сатыға жоғары не төмен болады.

3. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктер тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбалармен расталады. Осы Заңның 15-бабында көзделген жағдайларды есептемегенде, дипломаттық дәрежелер өмір бойына беріледі және сақталады.

14-бап. Дипломаттық дәрежелерде болудың мерзімдері

1. Дипломатиялық жұмыстың қызметкерлері үшін дипломаттық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін - екі жыл;

2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін - үш жыл;

I сыныпты кеңесшінің және одан жоғары дипломаттық дәрежелерде болудың мерзімдері белгіленбейді.

2. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдеріне:

1) Сыртқы істер министрлігінің және оған бағынысты мекемелердегі жұмысы;

2) шетелдік мекемелердегі жұмысы;

3) Қазақстан Республикасы аумағындағы Сыртқы істер министрлігінің өкілдіктеріндегі жұмысы;

4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың Сыртқы істер министрліктеріндегі жұмысы;

5) халықаралық ұйымдардағы жұмысы;

6) Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі ғылыми немесе оқытушылық жұмысы;

7) Сыртқы істер министрлігінің саласы бойынша оқу орындарында және ғылыми мекемелерде біліктілігін көтеруі;

8) Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, аспирантураға, докторантураға және ғылыми мекемелерге уақытша жібергендердің оқу мерзімі есептеледі.

15-бап. Дипломаттық дәрежені мерзімнен бұрын және кезектен тыс

беру, төмендету, одан айыру және қалпына келтіру

1. Жекелеген жағдайларда жұмыста елеулі табыстары болса немесе айрықша қызмет сіңірсе белгіленген мерзім өткенге дейін (мерзімінен бұрын дәреже беру) немесе дәрежені берудің кезегі сақталмастан (кезектен тыс дәреже беру) дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің дәрежесі өсірілуі мүмкін.

2. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінен жұмыстан босатылған адамдар Қазақстан Республикасының және өздері болатын елдердің заң актілерінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда дипломаттық дәрежесі төмендетілуі немесе дипломаттық дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін дипломатиялық жұмыстың қызметкері дипломатиялық қызмет органдары жүйесінен босатылған кезде бір мезгілде дипломаттық дәрежесінен де айырылады.

Дипломатиялық жұмыс қызметкерін дипломаттық дәрежесінен айыру немесе оның дәрежесін төмендету дәреженің берілетіні сияқты тап сондай тәртіппен жүргізіледі.

Дипломатиялық жұмыс қызметкерінің бұрынғы дипломаттық дәрежесін қалпына келтіру қызметтік аттестациялаудан өткеннен кейін жүргізіледі.

4-тарау. Дипломатиялық қызметті атқару

16-бап. Дипломатиялық қызмет органдарында қызмет ауыстырулар, қызметке тұру

1. Дипломатиялық қызмет персоналының қызмет ауыстыруы кадрлардың біліктілігін, кәсіби даярлығын, ротация мен кадрлардың мамандану принциптерін ескере отырып, қызмет бабындағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Дипломатиялық қызмет органдарында бос қызметтерге тұру, төменгі және жоғары санатты лауазымға тұру жолымен қызмет бабында орын ауысуларды қоспағанда, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

Дипломатиялық қызмет персоналының қызмет бабында орын ауысуы тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Дипломатиялық жұмыс қызметкерінің шетелдік мекемелеріндегі жұмысы кезінде

қызмет бабындағы қажеттілікке байланысты оның шетелде болу мерзімі ұзартылатын жағдайларды есептемегенде, қызметі әрі кеткенде бір рет өсірілуі мүмкін.

17 - б а п . Р о т а ц и я

1. Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы жүзеге асырылады.

Ротация шеңберінде дипломатиялық қызмет персоналы, оның кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, шетелдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіледі немесе өздерінің қызметін Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асырады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы мынадай түрлерге бөлінеді: сыртқы, яғни Сыртқы істер министрлігінен шетелдік мекемелерге немесе және шетелдік мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне ауысу; ішкі, яғни Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында ауысу.

3. Шетелдік мекемелердегі жұмыстар арасындағы кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмыс мерзімі, әдетте, кем дегенде екі жылды құрауы тиіс.

4. Шетелдік мекемелердегі дипломатиялық жұмыс қызметшілерінің үздіксіз жұмыс мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Қызмет бабындағы қажеттілік пен тұлғаның келісімі бойынша аталған мерзімді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін.

5. Дәлелді себептерсіз шетелдегі жұмысқа барудан бас тарту тәртіптік тұрғыдан теріс іс-қылық болып табылады және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз бола алады.

Шетелдік мекемелерге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Шетелдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберу кезінде

дипломатиялық қызмет персоналына көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған көтерме ақы төленеді.

7. Осы баптың 3, 5-тармақтарының күші шетелдік мекемелердің басшылары ретінде жұмысқа жіберілетін адамдарға, кеңесші-елшілерге, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерінің орынбасарларына, сондай-ақ сирек кездесетін шет тілдерін меңгерген шұғыл-дипломатиялық қызметшілерге қолданылмайды.

18-бап. Туыс адамдардың бірге қызмет атқаруын шектеу

Дипломатиялық қызмет органдарында бір-біріне қатысты қызмет бабында

тікелей бағыныста болатын жақын туыс адамдардың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

19-бап. Қызметтік аттестациялау

Дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілеген тәртіппен қызметтік аттестациялаудан өтеді.

20-бап. Жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелерге жіберу

1. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлері, олардың келісімімен кәсіби даярлық пен тағылымдамадан өту, көкейкесті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің жоғарғы оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі

мүмкін. Мұндай жағдайда, олар Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резерві қатарына қосылады.

2. Тағылымдаманы немесе ғылыми іссапарды аяқтағаннан кейін дипломатиялық жұмыс қызметкері, ол кадрлық резерв қатарына алынғанға дейін айналысқан қызметінен кем емес дипломатиялық қызметке тағайындалады.

5-тарау. Дипломатиялық қызмет персоналының құқықтары, міндеттемелері және жауапкершілігі

21-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының құқықтары, міндеттемелері және жауапкершілігі

1. Дипломатиялық қызмет персоналының өзінің кәсіби функцияларын жүзеге асырған кезде:

дипломатиялық қызмет органдарының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

шетелде болу кезеңінде халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес дипломатиялық қызметкерлер үшін белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н у ғ а ;

Қазақстан Республикасының азаматтарына К951000_ Конституцияда және

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде кепілдік берілген өзге де құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға құқығы бар.

Осы тармақта аталған құқықтармен қатар, дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің мемлекеттің сыртқы саясаты мәселелері жөнінде, халықаралық қатынастар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша, оны Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

2. Дипломатиялық қызмет персоналы:

дипломатиялық атқаруға байланысты міндеттерді адал ниетпен орындауға; болу мемлекетінің заңнамасын, дәстүрлерін және әдет-ғұрыптарын құрмет тұтуға; мемлекеттік және қызмет бабындағы, сонымен қатар дипломатиялық қызметі аяқталғаннан кейін де құпияларды сақтауға;

өзінің кәсіби деңгейін, біліктілігін, жалпы саяси даярлығын арттыруға, шет тілдері білімін жетілдіруге;

заңнамалық актілерде белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Осы тармақта көрсетілген міндеттермен қатар, дипломатиялық жұмыс қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын бұлжытпастан өмірге енгізуге, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін арттыруға ықпал етуге, оның қауіпсіздігін, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға жәрдем көрсетуге, шет елдерде Қазақстан Республикасының атынан лайықты түрде көрінуге және оның мүдделерін қорғауға тиісті.

22-бап. Дипломатиялық қызмет органдарында қызметте болуға байланысты шектеулер

1. Оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық іс-әрекетті қоспағанда, дипломатиялық персоналының лауазымы депутаттық мандатпен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшылық органының немесе бақылаушы кеңесінің құрамына кірумен, сондай-ақ басқа да ақы төленетін лауазымда болумен сыйыспайды.

2. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің саяси партияларға мүше болмаулары немесе қандай да бір саяси партияға қолдау білдірмеулері тиіс.

Дипломатиялық қызмет персоналына:

1) мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызмет бабындағы міндеттерін орындауына кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуына;

2) өзі қызметте тұратын не оған тікелей бағыныстағы немесе оның бақылауындағы мемлекеттік органдарда үшінші адамдардың істері бойынша өкіл болуына;

3) өзінің жұмыс бабындағы қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік

ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануына;

4) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардың қызметін өз мақсаттарына пайдалануына тыйым салынады.

23-бап. Дипломатиялық қызмет персоналын көтермелеу

1. Қызмет бабындағы міндеттерін үлгілі орындағаны, орындаған тапсырмаларының жоғарғы сапасы, бастамасы, шығармашылық белсенділігі, ұзақ әрі мүлтіксіз қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін, сондай-ақ жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін дипломатиялық қызмет персоналы:

1) лауазымын өсірумен;

2) дипломатиялық дәрежесін мерзімінен бұрын өсірумен;

3) бір жолғы ақшалай сыйлықпен;

4) Дипломатиялық қызмет персоналы Сыртқы істер министрлігінің

ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ведомстволық наградалармен көтермеленуі мүмкін.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көтермелеудің өзге де нысандарымен ынталандырылуы мүмкін.

2. Айрықша сіңірген еңбегі үшін дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін.

24-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының жауапкершілігі

1. Дипломатиялық қызмет персоналы өзіне жүктелген міндеттерді бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналына мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

1) ескертпе;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) кезекті дипломаттық дәрежені беруді немесе анағұрлым жоғары қызметке тағайындауды бір жылға дейін кідірте отырып, қызметіне толық лайық еместігі туралы ескерту;

5) лауазымын немесе дипломаттық дәрежесін төмендету;

6) дипломаттық дәрежесінен айыру;

7) жұмыстан шығару.

3. Дипломатиялық қызмет персоналына тәртіптік жаза қолдану мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

25-бап. Дипломатиялық қызмет персоналын кері шақырып алу

1. Қазақстан Республикасының немесе болу елінің заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатын қызметтік міндеттерін өрескел бұзушылық, соған ұқсас әрекеттер жасаған шетелдік мекемелерде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналы, оған тәртіптік ықпал ету шараларын қолданудан басқа, мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасына кері шақырылады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналын мерзімінен бұрын кері шақырып алуға оның отбасы мүшелерінің дәл сондай әрекеттер жасауы да негіз болып табылады.

6-тарау. Дипломатиялық қызметті қамтамасыз ету, кепілдіктер мен өтемақылар, дипломатиялық қызмет персоналын материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету

26-бап. Дипломатиялық қызметті қаржылық және материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету

1. Дипломатиялық қызметтің қаржылық қамтамасыз етілуі республикалық бюджет қаражаты, демеушілік көмек, консулдық іс-әрекеттерді жасау кезінде іс-жүзіндегі шығыстардың орнын толтыру тәртібімен жеке және заңды тұлғалардан түскен қаражат арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

2. Дипломатиялық қызмет органдары көлікпен, қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен және басқа да қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасы аумағында және шетелдегі жылжымайтын және өзге мүлікті иелену, пайдалану және билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

27-бап. Дипломатиялық қызмет персоналына кепілдіктер мен өтемақылар беру

1. Дипломатиялық қызмет персоналы мен олардың отбасы мүшелерін материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету қызмет атқару қиындығын, оған байланысты тәуекелді, сондай-ақ шет мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

Шетелде болу дипломатиялық қызмет персоналына, оның отбасы мүшелеріне

қандай да болсын залал келтірмеуге тиіс.

Шетелдегі дипломатиялық қызмет персоналына және оның отбасы мүшелеріне көмек көрсету мен қорғауға байланысты міндеттерді шетелдік мекеменің жетекшісі о р ы н д а й д ы .

Дипломатиялық жұмыс қызметкерінің немесе қызметшісінің не оның отбасы мүшелерінің ауырған, қайтыс болған, шет елдегі қызмет кезінде отбасында бала туылған жағдайда, дипломатиялық жұмыс қызметкері немесе қызметшісі және/немесе оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген көлемде жәрдемақы а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Дипломатиялық қызмет персоналы мен оның отбасы мүшелері республикалық бюджеттің қаржысы арқылы тиісті медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз е т і л е д і .

3. Шетелдік мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жыл сайынғы ақылы демалысқа, не отбасы мүшесінің біреуінің қайтыс болуына байланысты барып-қайту көлік шығыстарының ө т е л у і н е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

4. Дипломатиялық қызмет персоналы өзімен бірге тұратын адамдардың саны, лауазымы және жергілікті жағдай ескеріле отырып, шет елде баспанамен қамтамасыз е т і л е д і .

Ол төлейтін тұрғын үйді ұстауға байланысты төленетін шығыстардың көлемі Қазақстан Республикасындағы осы мақсаттағы орташа шығыстардың көлемінен асатын болса, мемлекеттің есебінен өтелуге жатады.

5. Шетелдегі қызмет кезеңінде дипломатиялық қызмет персоналының балаларын мектепке дейін және мектепте тәрбиелеу, оқыту мен дамыту мемлекеттік бюджет қаражаты арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

6. Шетелдегі дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшелеріне әкімшілік-техникалық бос қызмет орындары болған жағдайда, уақытша жұмысқа тұру қ ұ қ ы ғ ы б е р і л у і м ү м к і н .

7. Қарулы немесе азаматтық қақтығыстар кезінде не шетелдік мекемелер мен олардың қызметкерлерінің қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда, сондай-ақ шетелдік мекемелер орналасқан жерлерде төтенше жағдайлар кезінде Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызмет персоналының және олармен бірге тұратын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қорғауға қажетті шараларды қолданады.

Дипломатиялық жұмыс қызметкеріне немесе қызметшісіне не оның отбасы мүшелеріне шетелде болу кезінде, өзінің қызметтік міндеттерін не солармен байланысты іс-әрекетті атқару кезінде келтірілген залал Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өтеледі.

Сондай-ақ, дипломатиялық қызмет персоналы мен оның отбасы мүшелерінің шет елге көшу және қайту кезінде туындаған залал да өтелуге жатады.

8. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде дипломатиялық жұмыс қызметкері не қызметшісі қаза болған жағдайда, не қызметтік міндеттерді орындау кезінде алынған жарақаттың салдарынан жұмыстан босатылғаннан соң бір жыл ішінде мұрагерлеріне немесе еңбекке қабілетті асырауындағы адамдарға, оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша онжылдық ақшалай қаржы көлеміндегі біржолғы сома төленеді.

9. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде дипломатиялық жұмыс қызметкері не қызметшісі қаза болған жағдайда, оның жанұясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда және тәртіпте мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алуға құқылы.

10. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты, жаралануы (жарымжандық), зақымдануы, ауруы нәтижесінде пайда болған мүгедектікті дипломатиялық жұмыс қызметкерлеріне немесе қызметшілеріне белгілеу кезінде, оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша лауазымдық жалақысынан есептеген көлемдегі:

- 1) I топтағы мүгедекке - бес жылдық ақшалай қаржы;
- 2) II топтағы мүгедекке - үш жылдық ақшалай қаржы;
- 3) III топтағы мүгедекке - бір жылдық ақшалай қаржы біржолғы сомада төленеді.

11. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде дипломатиялық жұмыс қызметкері не қызметшісі мүгедектік туғызбаған ауыр зақымдану (жарақаттану, жаралану, жарымжандық) алған жағдайда, оған үш айлық ақшалай қаржы көлемінде, жеңіл зақымдануға - айлық қаржылай ақша көлемінде сома төленеді.

12. Егер дипломатиялық жұмыс қызметкері не қызметшісінің қаза болуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (зақымдануы), ауруы қызметтік міндеттерді орындауымен байланыссыз жағдайда болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, аталған сома төленбейді.

28-бап. Жерлеуге байланысты шығыстарды өтеу

Қайтыс болған немесе қазаға ұшыраған дипломатиялық жұмыстың қызметкерін не қызметшісін, сондай-ақ зейнеткерлерін жерлеу үшін, олардың Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша лауазымдық жалақысынан есептелген үш айлық қаржы көлеміндегі біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

29-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын реттеу

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастары осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

Дипломатиялық қызмет органдарында уақытша жоқ болған қызметкерлердің немесе қызметшілердің лауазымдарын қоса атқаруға немесе міндеттерін орындауға р ұ қ с а т е т і л е д і .

Дипломатиялық қызмет персоналының шет елде еңбек ету шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

30-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесінде анықталады.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналын ақшалай қамтамасыз ету болу елінің әлеуметтік-экономикалық және материалдық-тұрмыстық жағдайлары ескеріле отырып , а н ы қ т а л а д ы .

31-бап. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлеріне ақшалай төлемдер беру

Дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің дипломаттық, дәрежесі үшін, шет тілдерін білгені үшін, мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтермен жұмыс істеген үшін ақшалай төлем алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен көлемде қызметтік жарақтау (киім-кешекпен қамтамасыз ету) құнына жыл сайын ақшалай өтемақы алуына құқығы бар.

Дипломатиялық жұмыс қызметкерлеріне қызметтік жарақтау беру туралы Ережені Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітеді.

32-бап. Жыл сайынғы демалыстар

1. Дипломатиялық қызмет персоналына жыл сайынғы төленетін, ұзақтығы отыз күнтізбелік күннен тұратын еңбек демалысы беріледі.

2. Дипломатиялық жұмыс қызметкеріне немесе қызметшісіне кезекті еңбек

демалысына шыққан кезде сауықтыру үшін айлық жалақысынан екі есе көлемде ұлттық валютамен есептелген жәрдемақы төленеді.

3. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлеріне мемлекеттік қызметтегі еңбек сіңірген жылдарына байланысты қосымша төленетін демалыс беріледі:

1) он жылдан аса еңбек сіңірген жылдары барларға - ұзақтығы бес

күнтізбелік тәулік;

2) он бес жылдан аса еңбек сіңірген жылдары барларға - ұзақтығы он күнтізбелік тәулік;

3) жиырма жылдан аса еңбек сіңірген жылдары барларға - ұзақтығы он бес күнтізбелік тәулік.

33-бап. Дипломатиялық қызмет персоналын зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау

Дипломатиялық қызмет персоналын зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Дипломатиялық қызмет персоналы мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады.

Зейнетақы жасына жетуіне байланысты дипломатиялық қызметтен кету кезінде дипломаттық жұмыс қызметкеріне немесе қызметшісіне, оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша үш айлық жалақысы көлемінде біржолғы жәрдемақы төленеді. Ол адамда және оның отбасы

мүшелерінде, дипломатиялық жұмыс қызметкерлерімен бірге жалпы негізде, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету құқығы сақталады.

34-бап. Әлеуметтік сақтандыру

1. Дипломатиялық жұмыс қызметкерлері және қызметшілері республикалық бюджет қаражаты арқылы медициналық сақтандыруға жатады.

2. Сақтандыру сомаларын төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

7-тарау. Дипломатиялық жұмысты тоқтату

35-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын тоқтату

1. Дипломатиялық жұмысты тоқтату үшін:

1) адамның өз тілегі бойынша жұмыстан босату туралы өтініш беруі;

2) еңбек келісім-шарты мерзімінің бітуі немесе заңнамада көзделген негіздер бойынша келісім-шартты бұзу;

- 3) дипломатиялық жұмыс қызметкерлерінің немесе қызметшілерінің өз табыстары мен мүлкі туралы алдын ала жалған мәліметтер беруі;
 - 4) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу;
 - 5) осы Заңда белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;
 - 6) аттестациялаудың теріс нәтижелері;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де себептер негіз болып
- т а б ы л а д ы .

2. Дипломатиялық қызмет персоналын жұмыстан дипломатиялық лауазымға

тағайындау құқығы берілген тиісті лауазымды тұлға босатады.

Дипломатиялық қызмет персоналы өзінің тілегі бойынша дипломатиялық қызмет органдарынан кеткен кезінде Сыртқы істер министрлігінің резервіне алынады.

Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы Ережені Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітеді.

3. Дипломатиялық жұмыс қызметшісі жұмыстан заңсыз босатылған жағдайда ол өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы.

8-тарау. Қорытынды ережелер

36-бап. Осы Заңды күшіне енгізудің тәртібі

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК